Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Асхана тағамдарының сапасына тексеру жүргізу нәтижесі бойынша АНЫҚТАМА

Сәуір, 2026 ж.

Мектепішілік комиссия 2026 жылдың сәуір айында асхана қызметінің сапасын және тағам қауіпсіздігін бақылауға арналған жоспарлы тексеру жүргізді.

Астана қаласы білім басқармасының 27.03.2026 жылғы № 686 «2026 жылға арналған мектеп оқушыларының үлгілік мәзірінің құнын және орта білім беру мекемелеріндегі оқушылар үшін ыстық тамақ ұйымдастыруды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 2026 жылғы 1 сәуірден бастап Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы бекіткен 2026 жылғы 19 наурыздағы үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес орта білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін 2026 жылы ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп, бір оқушыға күніне бір реттік ыстық тамақтың құны үлгілік перспективалық мектеп мәзіріне сәйкес:

- 1-4 сынып оқушылары үшін - 887 теңге (ҚҚС қоса 1029 теңге);
- 5-9 сынып оқушылары үшін - 971 теңге (ҚҚС-мен 1127 теңге);
- 10-11 сынып оқушылары үшін - 1033 теңге (ҚҚС-мен 1199 теңге).

2026 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жеткізушілермен жасалған шарттарға барлық өзгерістер мен толықтыруларға қол қойылған.

Тексеру барысында жаңа ас мәзіріндегі тағам түрлерінің сапасы, өнімдердің сақталу шарттары, дайындалу технологиясы және оқушыларға берілетін тағамның мөлшері мен температурасы тексерілді. Асхана жұмысы жақсы жолға қойылған. Қызметкерлер қалыптасқан. Оқушыларға жаңа мәзірмен, ағзаға қажетінше дәрумендермен байытылған, денсаулыққа зиянды, тиым салынған тағам қоспаларынсыз, пайдалы тағам ұсынылуда.

Ұсыныс: Көктем айында балалардың ағзасына қажетті дәрумендерді толықтыру мақсатында жаңа мәзірде ұсынылған астың жас ерекшеліктеріне сай, дәмді, технологиялық карта бойынша жасалуы қадағалауда ұстау ұсынылады.

Әлеуметтік педагог: Кулжабекова С. О
87767061181